

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:

*Қазақ халқының
мәдениеті мен әдебиеті.*

МАҚСАТЫ:

- 1.ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДӘСТҮРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН, АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІН, ОЛАРДЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫН ТҮСІНУ.
- 2.ОҚУШЫЛАРДЫ ӨЗ БЕТТЕРІМЕН ЖӘНЕ ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙ БІЛУГЕ ДАҒДЫЛАНДЫРУ.

3. АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАСТАРҒА БЕРЕТІН ТӘРБИЕЛІК
МӘНІН АШУ, ЖАСТАРДЫ ЕҢБЕККЕ, ОТАНЫНА
СҮЙІСПЕНШІЛІККЕ, ДОСТЫҚҚА, АДАМГЕРШІЛІККЕ
ТӘРБИЕЛЕУ.

КӨРНЕКІЛІК: ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТА, ОҚУЛЫҚ, ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР.

ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ.

САБАҚТЫҢ ТҮРІ: ЖАҢА САБАҚ.

САБАҚТЫҢ ТИПІ: ЖАҢА МАТЕРИАЛДЫ ӨЗ БЕТТЕРІМЕН МЕНГЕРУ.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

1. ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗЕҢІ.
2. ЖАҢА САБАҚТЫ ҚАБЫЛДАУҒА ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІМІ.
3. ЖАҢА САБАҚ.
4. ЖАҢА САБАҚТЫ БЕКІТУ.
5. ҚОРЫТЫНДЫ.

ЖАҢА САБАҚТЫ ҚАБЫЛДАУҒА ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІМІ:

1. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАНДАЙ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІН
БІЛЕСІҢДЕР?
2. ЖАРАПАЗАН ДЕГЕНІМІЗ НЕ?
3. ЕРТЕГІЛЕР МЕН ЖҰМБАҚТАР ДЕГЕНІМІЗ НЕ?
4. МЫНА СУРЕТТЕРДЕ ҚАНДАЙ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР
КӨРСЕТІЛГЕН?



ЖАҢА САБАҚТЫҢ ЖОСПАРЫ:

- 1.ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДӘСТҮРІ.
- 2.АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ.

ЖАҢА САБАҚ:

1. ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ.
2. Ұлыс жырлары. Бесік жырлары.
3. Үйленуге байланысты жырлар.
4. Діни-нанымға байланысты жырлар.
5. Жарапазан. Кісі өліміне байланысты жырлар.
6. Мақал-мәтел, жұмбақтар.
7. Ертегілер және батырлар жыры.
8. Ғашықтық жырлар

Сабақты бекіту:

1. Мына мақал-мәтелдерді жалғастырып, мәнін түсіндір.

2. Жұмбақтардың шешімін табыңдар.

1.Мақал – мәтелдер.

«Мақал – сөздің.....» «Мақал – сөздің атасы, уәде –.....», «Сөздің көркі –....», «Сөз тапқанғажоқ», «Сөзөтеді», «Жақсы жарым ырыс»

«Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады, адамнан сұрағанныңшығады»,
«Аллаға сиынған ...ұшады, адамға сиынған ...ұшады», «Алла деген ар болмас,
Алла деген пенделер, еш нәрсеге.... болмас», «Алла деп барсаң,келерсің»

Жұмбақтар

Қорытынды.

Қазақтың төл жырлары мен шығыстық үлгіде жазылған дастандары бүгінгі күннің талаптарына яғни, иман жүзді, инабатты ұрпақ тәрбиелеу ісіне өзіндік үлес қосар еді. Эпикалық мұраларымыз халықтың бітім-болмысын жоғалтпай, рухы биік, дүниетанымы берік, діні мен дәстүріне адал ұрпақ тәрбиелеудің мұраттарына қызмет етпек. Тәуелсіз елдің жастары Отанын, мәдениетін, тілі мен дінін сақтап және рухани құндылықтарын ұлықтап қана ел мүддесі мен болашағына қызмет ете алады деп сенемін.

халқының тарихын қастерлеуге, ал ең бастысы, отансүйгіштікті нығайту үшін ұлтының рухани-мәдени құндылықтарын сіңіру қажет.

«Салынған жол, тұрғызылған ғимарат, тіпті ең озық ғылыми жаңалық саналатын жаңа технологияның өзі жыл сайын тозады, ескіреді. Ал бабаларымыз айтқандай, ешқашан азбайтын, тозбайтын, керісінше уақыт өткен сайын сан қырынан жарқырап, ұрпақ санасына шұғыла шашатын мәңгі өлмейтін құдіретті күштің аты – ғылым мен мәдениет. Ендеше сол ата – бабаларымыздың тарихи - мәдени мұрасын бірлесіп түлетейік» -деді еліміздің Президенті Н. Назарбаев өз сөзінде.

Бүгінде мұндай тоқтамға, яғни өз тамыры мен өткеніне, ана тіліне, ата дініне, діліне әлемнің біраз мемлекеті бет бұра бастады. Оның жолын әркім өзінше танып, өзінше бағамдауда. Солардың қатарында әлемдік қауымдастықтың назарына ілігіп, бірқатар беделді халықаралық ұйымдарға мүше болып үлгерген Қазақстан орта мерзімді мемлекеттік 2004-2006, 2007-2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасын қабылдаған тұңғыш ел.

Әрбір мемлекеттің өркениеттілігін оның мәдени мұраға деген көзқарасына қарай танып-бағамдауға болады. Өз еліңнің мәдени мұрасына ұқыпты қарау мен басқа мәдениеттің құнды элементтерін қабылдау – адамзат өркениеті дамуының сара жолы.

Бағалау.

Үйге тапсырма: 24 параграф.

Өлең құрастыру немесе

эссе жазу.
